

«Мейірім нұры - бала жүрегінде» тақырыбында №7 «Көгершін» ортаңғы тобының ата-аналарымен кеңес өткізілді.

**Мақсаты:** бала жүрегіне мейірім мен адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Кеңес барысында мейірімділік – адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі екені, балаға кішкентай кезінен қамқорлық көрсету, сыйластыққа баулу, жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету – ата-ананың басты міндеті екені айтылды. Ата-аналар өз ойларымен бөлісіп, бала бойындағы жақсы қасиеттерді қалыптастыру жолдары жөнінде пікір алмасты. Бала отбасындағы қарым-қатынасқа қарап өседі. Сондықтан үйдегі жылы сөз, ізгі қарым-қатынас, бір-біріне деген құрмет – ата-ананың балаға деген махаббаты мен қолдауы – бала жүрегіндегі мейірім шуағын оятады.

Бала – ата-ананың айнасы. Сондықтан бала тәрбиесінде мейірімділік пен сүйіспеншіліктің орны ерекше. Мейірім көріп өскен бала айналасына қамқор болып, адамдарға жанашырлық таныта біледі. Егер ата-ана үлкендерді құрметтеп, өзгелерге көмектесіп, ізеттілік танытса, бала да сол әрекетті қайталайды. Баламен жиі сөйлесіп, оның ойын тыңдау, жетістігін мақтау, қиын сәтте қолдау көрсету – балаға сенімділік сыйлайды. Кейде бала қателесуі мүмкін. Мұндай жағдайда оны қатты сөгіп немесе қорқытудың орнына, сабырмен түсіндіру маңызды. Жылы қарым-қатынас баланың жүрегін жақсылыққа жетелейді.

#### **Ата-анаға кеңес:**

- \* Балаңызбен күн сайын жылы сөйлесіңіз;
- \* Баланың пікірін тыңдап, оны құрметтеңіз;
- \* Отбасында мейірімді атмосфера қалыптастырыңыз;
- \* Телефоннан гөрі балаға көбірек көңіл бөліңіз;
- \* Баланы басқа балалармен салыстырмаңыз;
- \* Жақсы қасиеттерді өз әрекетіңіз арқылы көрсетіңіз.

#### **Баланың бойында мейірімділік қасиетін қалыптастыру үшін:**

- \* Үлкендерге құрмет, кішілерге қамқорлық көрсетуге үйретіңіз;
- \* «Рақмет», «Кешіріңіз», «Өтінемін» сияқты сыпайы сөздерді жиі қолдануға баулыңыз;
- \* Достарымен ойыншық бөлісуге баулыңыз;
- \* Жануарлар мен табиғатты қорғауға тәрбиелеңіз;
- \* Жақсы іс жасаған кезде мақтап, қолдау көрсетіңіз;
- \* Баламен сабырлы әрі жылы сөйлесіңіз;
- \* Баланың жақсы ісін мақтап, қолдау көрсетіңіз;
- \* Қиын жағдайда достарына көмектесуге тәрбиелеңіз;
- \* Отбасында мейірімді қарым-қатынас үлгісін көрсетіңіз.

#### **Мейірімді бала:**

- ✓ достарымен тату болады;
- ✓ үлкендерді сыйлайды;
- ✓ өзгеге көмектесуге дайын тұрады;
- ✓ айналасына қуаныш сыйлайды.

#### **Құрметті ата-аналар!**

Бүгінгі бала – ертеңгі ел болашағы. Мейірімге толы ортада өскен бала – болашақта елін сүйетін, айналасына жанашыр азамат болып қалыптасады. Сондықтан әр балаға сүйіспеншілік сыйлап, жүрегіне мейірім нұрын сеуіп, ізгілікке тәрбиелейік!

